«31» 08 2022 ж
Педкеңесте қаралды

Бекітемін
Мектеп директоры
___________А.Тлеулина
«31.» 08. 2022 ж.

# Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспары

Қарауылкелді ауылы 2022 ж

## Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің
## 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары
# ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

**Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс**

### Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

### Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

**Күтілетін нәтижелер:**

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін

жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

**Іске асыру тетіктері:**

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

**Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**

- *«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы* https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;
- *Қазақстан Республикасының Конституциясы* https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;
- *«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV* ***https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;***
- *2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы* https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;
- *«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345* https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- *«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV* https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- *«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI* https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- *«Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319* https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
- *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы* https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
- *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері* https://nao.kz/
- *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері* https://nao.kz/.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

# ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

**Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар** *(сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.)* ***және ұлттық құндылықтар*** – *(тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр)* **құрайды.**

**1.** Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
**2.** Рухани-танымдық тәрбие;
**3.** Ұлттық тәрбие;
**4.** Отбасылық тәрбие;
**5.** Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
**6.** Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
**7.** Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
**8.** Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

**2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:**

- ✓ ***«Оқуға құштар мектеп»;***
- ✓ ***«Отбасы – орта мектеп»;***
- ✓ ***«Құқықтық сана – қауымға пана»;***
- ✓ ***«Дәстүр мен ғұрып»;***
- ✓ ***«Еңбек – елдің мұраты»;***
- ✓ ***«Үнем – қоғам қуаты»;***
- ✓ ***«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»***
- ✓ ***«Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»***
- ✓ ***«Қоғамға қызмет»;***
- ✓ ***«Мектеп өмірінің бір күні»;***
- ✓ ***«Дебат» қозғалысы;***
- ✓ ***Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;***
- ✓ ***«Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;***
- ✓ ***«Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;***
- ✓ ***«Театр сабақтары» жобасы.***

# 2022-2023 жылдарға арналған тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| № | Іс-шараныңатауы | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **1.Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизммен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**<br>**Мақсаты:** Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекетпен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалармен жастар ортасында қатыгездікпен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриотпен азаматты қалыптастыру. | | | | |
| **№** | **Іс-шараныңатауы** | **Аяқтау нысаны** | **Жауапты орындаушылар** | **Орындау мерзімі** |
| 1 | «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» бірыңғай тәрбие сағаттары | Анықтама | Сынып жетекшілер | Қыркүйек |
| 2 | «Айбын» әскери-патриоттық жиынын өткізу | АББ ақпарат | ДТІЖО, әскери жетекші | Тұрақты |
| 3 | «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» /бөлек жоспар/ | АББ ақпарат | ДТІЖО,ПП,ӘП,СЖ, МИ | 18-23 Қараша |
| 4 | Тұңғыш Президент күніне арналған іс-шаралар: тәрбие сағаты, шығарма, мәнерлеп оқу байқауы, кинофильм көру. Ұжымдық шаралар /Бөлек жоспар/ | АББ ақпарат | Кітапханашы, сынып жетекшілер | Қарашаның соңғы аптасы |
| 5 | «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» акциясы | АББ ақпарат | ДТІЖО | 28.11-12.12 |
| 6 | «9 желтоқсан Сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күрес күні» /бөлек жоспары/ | АББ ақпарат | «Адал ұрпақ» тобының жетекшісі, СЖ | 7-8 Желтоқсан |
| 7 | ҚР Тәуелсіздік күніне арналған шаралар "Тәуелсіздік тұғырым – Ұлы Дала Елі!" ұжымдық шаралар/бөлек жоспар/ | АББ ақпарат | ДТІЖО, МТ, СЖ, кітапханашылар | 10.12-20.12 |
| 8 | "Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында" /Ауған соғысы жауынгерлері туралы кеш өткізу/ | АББ ақпарат | Сынып жетекшілер, АӘД пәні мұғалімі | 14-15.02 |
| 9 | Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған "Жеңіс туы желбіре" апталығы /бөлек жоспар/ | АББ ақпарат | АӘД пәні мұғалімі, СЖ,МТ | 01.05-10.05 |
| 10 | «Қоғамдық тәртіптің негіздері» атты тақырыбында дисскусиялық практикумы, «Қазақстан - құқықтық мемлекет» атты айлығы, «Шынайы және сатылмайтын еңбек» тақырыбы төңірегінде оқушылар арасында суреттер жарысы, «Мемлекеттік қызметті алу» атты іскерлік ойыны, «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар картасы» жобалар конкурсын ұйымдастыру | АББ ақпарат | ДТІЖО, «Адал ұрпақ» ЕК | Жыл бойына |
| 11 | «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» онкүндігі /бөлек жоспар/ | АББ ақпарат | ДТІЖО | Сәуір /8-18/ |
| 12 | «Жас полиция» тобының жұмысы (бөлек жоспар) | АББ ақпарат | Топ жетекшісі | Жыл ағымында |

**2.Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:** "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен дәстүрлерімен келіседі.

| № | Іс-шараныңатауы | Аяқтаунысаны | Жауаптыорындаушылар | Орындаумерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Мектепке жол» қамқорлық акциясы | Жоспар, Анықтама | ДТІЖО, әлеуметтік педагог | Тамыз, қыркүйек |
| 2 | «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның » апталығы | Сценарий | ДТІЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер | Қазан |
| 3 | Қарттар күніне арналған тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, кештер ұйымдастыру | АББ ақпарат | ДТІЖО,СЖ,МТ | Қазан |
| 4 | «Мейірімділік жүректен» қайырымдылық айлығы<br>«Мейірбандық күндер» айлық /бөлек жоспар/ | Жоспар, Анықтама | ДТІЖО<br>Әлеуметтік педагог | 02.10-07.11 |
| 5 | «Қыздар онкүндігі»/бөлек жоспар/ | АББ есеп | ДТІЖО, МТ, Қыздар ұйымы жетекшісі | Қазан /4-13/ |
| 6 | «Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық ақпараттық науқан /бөлек жоспар/ | АББ есеп | ДТІЖО | Қараша /12-23/ |
| 7 | «Қамқорлық» /бөлек жоспар/ Акциясы | Жоспар, анықтама | Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер | Қаңтар-ақпан |
| 8 | Ұлдар мен қыздар клубтарының жұмысы /бөлек жоспар/ | Жоспар, анықтама | Топ жетекшілері | Жыл ағымда |
| 9 | «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» акциясы /бөлек жоспар/ | Жоспар, анықтама | ӘП,МИ,СЖ | Маусым |
| 10 | 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Нұрлы болашақ акциясы | АББ есеп | МТ, ӘП,ПП | Маусым |
| 11 | «Қазақстан – мейірімділік мекені» бастамасы | АББ есеп | ДТІЖО | Қыркүйек-қаңтар аралығы |

**3.Бағыты: ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету

| № п/п | Іс-шараныңатауы | Аяқтаунысаны | Жауаптыорындаушылар | Орындаумерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Тіл – татулық тірегі» 22 қыркүйек ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесіне арналған шаралар Онкүндік /бөлек жоспар/ | Жоспар, анықтама | Гум.пәндер бірлестігі | Қыркүйек үшінші апта |
| 2 | Аналар, әкелер мектебінің жұмысын ұйымдастыру /бөлек жоспар/ | Жоспар, анықтама | ДТІЖО, Ата-аналар | Жыл бойы |
| 3 | Оқушылардың қазақ тілін, мемлекеттілік атрибуттарын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін білуге арналған дөңгелек үстел, тәрбие сағаттарын өткізу, «Қазақстан Республикасы рәміздерінің үздік қолданылуы және насихатталуы» байқауы | АББ ақпарат | Мектеп тәлімгері | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Қазақтың ұлттық көне жәдігерлері, ұлтық бұйымдары, салт-дәстүрлері /көрме, кеш/ өткізу | ЖоспарАнықтама | ДТІЖО, МТ, тарих пәнінің мұғалімдері | Қараша, Наурыз |
| 5 | «Ұлыстың Ұлы күні- Наурыз!» онкүндігі /бөлек жоспар/ | анықтама | ДТІЖО | Наурыз 10-20 |

**4. Бағыты: Отбасылық тәрбие**

**Мақсаты:**ата-аналарғ абілім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

| № | Іс-шараныңатауы | Аяқтаунысаны | Жауаптыорындаушылар | Орындаумерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сыныптың әлеуметтік портреті Карта толтыру | Мәлімет жинақтау | СЖ.ӘП | Қыркүйек |
| 2 | Отбасы күніне арналған республикалық апталық "Отбасы-бақыт мекені" / бөлек жоспар/ | Сценарий, анықтама | Сынып жетекшілер | 5-11 қыркүйек |
| 3 | Өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен тұрмыс жағдайын анықтау мақсатындағы оқушылар үйлеріне рейд | Байланыс дептері | СЖ,ПП,ӘП,МИ | Жыл бойы жоспарлы түрде |
| 4 | Жергілікті атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен ата-аналар қауымдастығының алдында әрбір оқу тоқсанының қорытындысы бойынша қоғамдық тыңдаулар (Ашықбаяндамалар) өткізу | Қоғамдықтың даулр | МӘ | Жылына 4 рет |
| 5 | «Әкем-асқар тауым» әкелер форумы<br>«Бәрі де, Ана, Бір өзіңнен басталады» аналар форумы | Форум | Мектеп әкімшілігі | 2021-2022 ж |
| 6 | "8 -наурыз -Халықаралық Аналар күніне" арналған шаралар /бөлек жоспар/ | Сценарий | Мектеп тәлімгері | Наурыз 1-7 |
| 7 | "Жаңа жыл" мерекелік шырша | Анықтама | Ата-аналар ком.төрайымы | Желтоқсан |
| 8 | "Мектеп бітіру кеші" салтанатты кеш | Анықтама | ДТІЖО | Мамыр-Маусым |
| 9 | Ата-аналарға психологиялық кеңестер | Кеңес беру журналы | Педагог-психолог, әлеуметтік педагог | Жыл ағымында |
| 10 | Ата-аналар жиналыстары /бөлек жоспар/ | Жоспар, хаттама | ДТІЖО,СЖ | Жылына 5 рет |
| 11 | «Қамқоршылық кеңес» жұмысы /бөлек жоспар/ | Жоспар, хаттама | ДТІЖО, ӘП | Жыл ағымында |
| 12 | Ата-аналар комитетінің жұмысы /бөлек жоспар/ | Жоспар, хаттама | ДТІЖО | Жыл ағымында |
| 13 | "Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасылық тәрбие стилінің әсері" отбасы апталығы | Жоспар, есеп | ДТІЖО,СЖ | 4-14 мамыр/15/ |

**5.Бағыты:** Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

**Мақсаты**: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналық өзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту

| № р/с | Іс-шараныңатауы | Аяқтаунысаны | Жауаптыорындаушылар | Орындаумерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Еңбек күніне арналған тәрбие сағаттары:<br>1. «Еңбек түбі – береке».<br>2. «Еңбек бәрің де жеңбек».<br>3. «Әлемнің әміршісі еңбек». | Сценарий, анықтама | Сынып жетекшілер | 25.09-30.09 |
| 2 | «Назар аудар,бағдаршам!» акциясы | АББ ақпарат | ДТІЖО, МТ | Қыркүйек, қаңтар |
| 3 | Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер өткізу | АББ ақпарат | ДТІЖО | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Мектеп оқушыларының, студенттердің өндіріс жаңалықтарымен, табысты кәсіпқойлармен кездесуін ұйымдастыру | АББ ақпарат | ДТІЖО | Тұрақты |
| 5 | "Жер - біздің үйіміз" облыстық табиғат қорғау акциясы | акция | ДТІЖО, МТ | Мамыр /4-20/ |
| 6 | Дүниежүзілік жануарларды қорғау күніне арналған балалар шығармашылық байқауы | Жоспар, анықтама | Биология пәні мұғалімдері, МТ | Қазан |
| 7 | "Мамандық әлемі" Айлық /бөлек жоспар/ | Жоспар, анықтама | ДТІЖО, ПП,ӘП,СЖ | 4 сәуір-4 мамыр |
| 8 | «Ердің атын еңбек шығарады»<br>Ауыл кәсіпкерлерінің еңбек жолын зерттеу жұмыстары | Жұмыс түрлері, анықтама | Сынып жетекшілер | Қаңтар |
| 9 | Саябақтар шеруі /бөлек жоспар/ Акция | Жоспар, сценарий, анықтама | ДТІЖО, сынып жетекшілер | 1-9 Сәуір |

**6. Бағыты:**интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

**Мақсаты**: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру

| № | Іс-шараныңатауы | Аяқтаунысаны | Жауаптыорындаушылар | Орындаумерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Жыл сынып жетекшісі" байқауы | Мәлімет | ДТІЖО | Қараша 25 |
| 3 | "Болашаққа - білімді, дені сау ұрпақ" спортық ойын | Мәлімет | Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері | Каникул күндері |
| 4 | «Жас ғалымдар» айлығы | Ақпарат | ДТІЖО | Желтоқсан /3-24/ |
| 5 | «Шығармашылық-шындайды шеберлігін» көрме байқауы | Ақпарат | ДТІЖО | Желтоқсан /20/ |
| 8 | «Үздік кабинет» сайысы | Хаттама | ДТІЖО, тәлімгер | Сәуір |
| 9 | "Жылдың үздік сыныбы" байқауы | Анықтама | Сынып жетекшілер | Жыл бойы, мамыр |
| 10 | "Үздік жас маман" байқауы | Хаттама | ДТІЖО | Жоспарлы түрде |
| 11 | "Жылдың үздік оқушысы" сайысы | Анықтама | СЖ; пән мұғалімдері | Жыл бойы,мамыр |
| 12 | "Озаттар шеруі" шеру | Мәлімет | ДТІЖО, тәлімгер | 25 мамыр |
| 13 | "Қауіпсіз интернет" айлық /бөлек жоспар/ | Анықтама | Бірлестік жетекшілері | 10-21 сәуір |

**7. Бағыты**: көп мәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

**Мақсаты**: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнермен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениеттік орта құру.

| № | Іс-шараныңатауы | Аяқтаунысаны | Жауаптыорындаушылар | Орындаумерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ереже-мектептің негізгі заңы мінез-құлық ережемен таныстыру | Мәлімет | Сынып жетекші | Қыркүйек |
| 2 | Рухани келісім күніне арналған тәрбие сағаттары | Сабақ жоспары | Сынып жетекшілер | Қазан |
| 3 | "Қайырымды көршіме рахмет!"1 Наурыз-Алғыс айту күніне шаралар | Анықтама | ДТІЖО, МТ,ПП | Наурыз |
| 4 | «Бірлігіміз жарасқан!» Өнер фестивалі | Фото анықтама | Музыка пәні мұғалімі | Мамыр |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 1 мамыр мерекесіне арналған ұлттық ойындардан мектеп біріншілігі | АББ ақпарат | Дене тәрбиесі пәні мұғалімі | Мамыр |
| 6 | Театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға экскурсия | АББ ақпарат | ДТІЖО, СЖ | Жыл бойына |
| 7 | «Тарихтан тағылым» мұражай сабақтары | АББ ақпарат | Тарих пәні мұғалімі | Жыл бойына |

**8. Бағыты**: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
**Мақсаты:**салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру

| № | Іс-шараныңатауы | Аяқтаунысаны | Жауаптыорындаушылар | Орындаумерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Білім алушылардың спорт секцияларымен қамтылуын бақылауда ұстау | АББ ақпарат | ДТІЖО, СЖ | Тұрақты |
| 2 | Мектептегі үйірме жұмыстарын жүргізу, жарыстар ұйымдастыру | АББ ақпарат | ДТІЖО, Үйірме жетекшілері | Тұрақты |
| 3 | «Былғары доп» футбол турнирі | АББ ақпарат | Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері | Тұрақты |
| 4 | "Ата-аналар спартакиадасы" мектепішілік сайыс | Жоспар, есеп | Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері | қараша-желтоқсан |
| 5 | "Есірткісіз әлем үшін" Халықаралық акция | Есеп | Мектеп медбикесі | 18 сәуір |
| 6 | «Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау!», «Мен салауатты өмірді қолдаймын!» онкүндік /бөлек жоспар/ | Жоспар, анықтама | ДТІЖО | 1Сәуір -10 сәуір |
| 7 | Наркологиялық бекеттің жұмысы | Жоспар, анықтама | ДТІЖО | Жыл бойы |
| 8 | "Үздік мектеп спортшысы" байқауы | | ДТІЖО, Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері | 15-25 қаңтар /Сәуір/ |
| 9 | Алкогольді ішімдіктердің, темекінің, басқа да зиянды заттардың жасөспірімдер ағзасына зияны | Есеп | Мектеп медбикесі | Жылбойы |

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Әлжанов

**Ескерту-түсіндірмелер:**

**АББ**- аудандық білім бөлімі, **ДТІЖО**-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, **ӘП**- әлеуметтік педагог, **СЖ**- сынып жетекші, **МТ**- мектеп тәлімгері, **МИ**- мектеп инспекторы, **ҚК** –қамқоршылық кеңесі, **ПП**-педагог психолог